

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Г.К.Сагпазова

Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»

Өткізген: №1 кіші «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Г.Сәндібаева

2022/2023 оқу жылы

Мақсаты: Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру.
Мерекелік көңіл-күй ортасын ұйымдастыру

Міндеті: Шырша мерекесіне қызығушылықтарын және хормен, жеке ән айту шеберліктерін арттыру, балалардың өнерін ортаға салу. Аяз Ата мен Акшақардың жаңа жыл мерекесіне келуіне күте отырып таң ғажайып сәтті ұйымдастыру.

Жүргізуші: құрметті балалар ата-аналар, қонақтар, Жаңа жыл мерекесіне арналған "Қош келдің Жаңа жал!" атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңдер.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таны неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы!

Жаңа жылың тағы да

Қол соғып қарсы алайық

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік басталсын «Күншұақ» тобында! (балалар келіп шыршаны айналып тұрады)

Жүргізуші: Жаңа жыл келді

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл!

Құттықтаймыз сіздерді! деп балалардың әніне берейік.

Ән: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Ендеше, шыршамызға тақпақтарымызды айтайық.

Ясина

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Нарғыз

Ақ қар жапты далама,

Ақ жамылды айнала.

Жарқыратып шамдарын,

Шырша келді ортаға.

Жүргізуші: Балалар, жарайсыңдар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді? (Балалардың жауабы)

Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 – реет

- Ой, балалар, шыршамызға Аяз Ата мен Ақшақар жетіспейді.

Аяз Ата: Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіндер

Еркелеп қыз, ұлдарым өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларың да

Бірдей өсіп қалдыңдар ма? Ал, мен кіммін айтыңдаршы Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар -Сәлеметсіңдер ме, балалар.

Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт - жұлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын

Қалай тыныш жатпақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Қоян : Сәлеметсіздер ме, балалар

Мен тұрмын қуанып,

Шаттыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, баршаңызда, алыс жолдан келдіңіздер.

Әсем әні де, биі де бар отырыңыз ата, сәл демалыңыз. Аяз ата біздің шыршамыз көңілсіз шыршамыздың шамдарын жағып бересізбе?

Аяз ата: жарайды

Бәрі: Қуант, бізді, таңырат Шамдарыңды жарқырат! 3 рет (Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

Жүргізуші: Шырша дейміз ёлканы
Балалар билеп қоршады.
Түрлі - түсті ойыншық
Шыршада көз тартады.
Кезекті ойынға берейік.

Ойын: «Түсіне қарай секу

Шарты: Балалар жолдағы жолақшалармен түс таңдап секіреді. Түстерді ажырата білуге үйрету.

Жүргізуші: Кезекті тақпақтарға берейік.

Жанерке: Тілеймін мен бар әлемге,
Дос көп болсын жаңа жыл.
Ата-әже, әке-ана,
Құтты болсын жаңа жыл.

Еркем: Аяз ата тыңдаңыз,
Тақпақ айтып берейін
Ортамызда шыршамыз,
Ойнап бірге күлейік.

Хафиз. Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп.

Жүргізуші: Әуеледі әніміз
Жаңа кірді сәніміз
Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз. «Ұлпақарлар» биі

Аяз ата: Жарайсыңдар, өнерлі екенсіңдер!

Жүргізуші: Иә, ата, балаларымыз шеттерінен өнерлі, тақпақты да жақсы айтады.

Жүргізуші: Айта берсек таусылмас
Жаңа жылда жаңа жыр
Кел оданда, халайық

Ойын ойнайық жаңа бір.
Ойын: "Шырша безендіру"

Шарты: жаңа жылдық шыршані әсемдеп түрлі ойыншықтармен бендіру. Тек қана қыздар безендіреді.

Жүргізуші: Думандатты шартарап
Келді, міне жаңа жыл
Тартуларын арқалап.

Ән: "Аппақ қарда, ақ қоян"

Қоян: Балалар жарайсыңдар, мен тұралы ән, тақпақ, ойын ойнап жатсыңдар. Мен сендерге тосын сыйым бар. (Ортаға тірі қоянды алып шығады) Балалар таңырқай қарайды.

Жүргізуші: Ғажайып күн ой неткен,
Мереке ғой біз күткен.
Ән айтайық билейік, көтеріңкі ккңіл күймен. деп кезекті биге
берейік.

Би: "Қояндар"

Қоян: - Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?

Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір.... (барлығыңа сыйлық үлестіріледі)

Аяз - Ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)

Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге! Бәрі. Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!

Мерекелік ертеңгілік

1 ақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

№1 кіші тобының тәрбиешісі Г.Сәндібаева.

